

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ
МИНИСТІРЛІГІ
ӘЛ ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Тақырыбы:

Орындаған: Ерғали.М.С
Тексерген: Есенова.К.А

Алматы-2016ж

Жоспар



1. Зағиптарға арналған шрифт.
2. Көру қабілеті бұзылған балаларға инклюзивті білім берудегі ерекшеліктері мен кездесетін қиыншылықтарды шешу жолдары.
3. Көруінде ауытқуы бар тұлғаларды арпайы оқыту жүйесі.

Зағиптарға арналған шрифт

Луи Брайль зағип жандарға оқуға және жазуға мүмкіндік беретін шрифтті 19 ғасырдың басында ойлап тапты. Ол 1809 жылы қолөнершінің үйінде дүниеге келді. Жаңадан жүруді үйреніп жүрген кезінде күнін әкесінің шеберханасында өткізетін. Үш жасында шеберханада көзін жарақаттап алады. Бес жасында баланың көзі мүлдем көрмей қалды. Ата-анасы баласына білім беруге және оның дамуы үшін қолдарынан келгеннің барлығын істеуге тырысты. Луи ауылдық мектепке барды. Өзінің ақылы мен ерекше есте сақтау қабілетінің арқасында жақсы оқыды. Әкесі оған тақтайға шегелерді қағу арқылы әріптердің кескінін шығарып, оқуды үйретті. 10 жасында әртүрлі жастағы балалар оқитын Париждегі зағиптерге арналған



Корольдік институтқа жіберді. Луи Брайль 12 жасынан бастап, зағиптерге арналған алфавитін әзірлеу үшін тәжірибелерін бастады. Күндіз сабаққа барып, ал кешке өзінің жүйесін ойластырды. 15 жасында бұл жұмысын аяқтады. Луи Брайль үштен екі бағанада орналасқан алты рельефті нүктенің әртүрлі комбинациясынан өз алфавитін құрастырды. «Оқырман» мәтінді оқу үшін басылған жолдарды саусақтарының ұшымен жүргізеді. Кейін Брайль жүйесін тыныс белгілерімен, сандармен және ноталармен толықтырды. Оның рельефті-нүктелі шрифтінің соңғы нұсқасы 1837 жылы пайда болды. Бүгінгі таңда Брайль әдісі бүкіл әлемде қолданылады

Брайлдың ойлап тапқан әріптері мен сандары




” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ”
A B C D E F G H I J K L M

” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ”
N O P Q R S T U V W X Y Z

” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ”
1 2 3 4 5 6 7 8 9 0

” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ” ”
, ; : . | () " " ' ' . -

Брайль әріптері



А Б В

Г Д Е Ё Ж З

И Й К Л М Н

О П Р С Т У

Ф Х Ц Ч Ш Щ

Ъ Ы Ь Э Ю Я

. , : ; - !

? () « » ...

цифровой

знак 0 1 2 3 4

5 6 7 8 9 10

+ - × . : =

< > √ () %

Көру қабілеті бұзылған балаларға инклюзивті білім берудегі ерекшеліктері мен кездесетін қиыншылықтарды шешу жолдары

Әрбір мемлекет қоғамында мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Мүмкінділігі шектеулі балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, тәрбиеленуі ата-аналар құзырында, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагог-психологтардың міндеті.

Көру қабілеті бұзылған балаларға оқу процесін қабылдау және танымдық қабілеттерінің қалыптасу қиындығы тән құбылыс, өйткені дені сау бала, мүмкіндігі шектеулі балаларға қарағанда қоршаған ортаны 83% көру жүйесі арқылы, 11% есту арқылы, 3,5% мұрын арқылы, 1,5 сипап сезу арқылы, 1% дәм сезу ақылы танып біледі. Ал көру қабілеті бұзылған бала не істейді?

Қоршаған ортаны қалай танып біледі? Осы орайда балаларға сол таным мен түйсікті сезінуге және үйретуге ықпал ететін фактор – оқытушылар. Мүмкіндігі шектеулі бала мектепке алғаш келген кезде қарапайым және түрлі ауыртпалық тудыратын қиыншылықтарға тап болады.

Бұл қиындықтар қатарына өз-өзіне қызмет етуінің төмен, не мүлдем болмауы, гигиеналық тазалықты ұстана алмауы, ортаға тез бейімделмеуі сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуға арналған оқыту-кешендерінің болуы шарт. Сондай оқыту кешендері ұйымдастырылған жағдайда, мұндай топтағы балалар мектеп табалдырығын аттаған кезде білім алу оларға жеңіл, әрі тиімді болар еді. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру кеңінен қолданылуы етек алып келеді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім процесінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу процесіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім процесіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйрету үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау үшін психологқа, логопедке, арнаулы педагогқа, әлеуметтік педагогқа арналған кабинеттерді арнайы жабдықтау қажет. Сондай-ақ, кітапхана қорын арнаулы оқулықтармен, арнаулы электронды жабдықтармен жабдықтауға, оқу-әдістемелік кешендермен, әдістемелік әдебиеттермен толықтыру керек. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың оқып-үйренудегі қиындықтарын дер кезінде анықтап, оларға коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептегі білім игеруге байланысты қолжеткізілген деңгей туралы оқушылармен ата-аналарды хабардар етіп отыру үшін тұрақты түрде психологиялық-педагогикалық мониторинг өткізіліп тұруы тиіс.

Көруінде ауытқуы бар тұлғаларды арпайы оқыту жүйесі

Көруінде ауытқуы бар балаларды отбасында тәрбиелеу мен оқыту көру анализатордағы кемістіктің пайда болу уақытына тәуелді. Көруінде ауытқуы бар балалардың ата аналары мамандардан (тифлопедагог, психолог, офтапъмолог т.б.) уақытымен қажетті кеңес алып туруы керек.

Ересек тұлғапар жасаған іс әрекеттер барлығын сөзбен бейнелеп жеткізу керек. Ең маңыздысы кормейтін және нашар көретін бапалардың мүмкіндіктеріне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

Соқырлық пен нашар көрушіліктің сапдарынан бала бойында жағымсыз әлеуметтік қиындықтар пайда болады. Көруінде ауытқуы бар бапалардың отбасында қоршаған ортамен қарым қатынастар ерекше. Отбасы мүшелері баланы аяйды, аса кеп көніл бөледі, шексіз қамқорлық көрсетеді. Бұл жағдайлар баланың тұлғалық қалыптасуына кері әсер етеді.

Көруінде ауытқуы бар балапарды отбасында тәрбиелеу мен оқыту ата аналардан бала дамуын, ерекшеліктерін, көру анапизатордағы кемістіктін салдарын, қоршаған ортада қарым-қатынас жасау тәсілдері мен үйрету жолдарын білуді талап етеді.

Мектепке дейінгі көруінде ауытқуы бар бапаларды тәрбиелеп оқытатын мемлекетік арнайы білім беру ұйымдарға көрмейтін, нашар көретін және көзінде қылыыйлықпен, амблиопиясы бар 2-7 жасқа дейінгі балалар кабылданады. Бұл арнайы білім беру ұйымдардын (арнайы бала бақшалар) негізгі міндеті балаларды тәрбилеу, емдеу, мүмкіндікке қарай керу қызметін қаппына келтіру, оналту және ен негізгісі мектепте білім алуға даярлау.

Тифлопедагогтар жұмысынын мазмұны жалпы бапа бақшапардың багдарламар негізінде әзірлеген арнайы багдарламарга сәйкес жүреді. Жалпы білім беру жұмысынан басқа дамудағы кемістікті түзету үздіксіз жүргізілуі тиіс. Әсіресе кеңістікті багдарлау мен өзіне кызмет керсету дагдыларын қалыптастыру әрекетіне көп назар аудару қажет. Балалар көру кабілетінің гигиенасы мен көзәйнектерді пайдалануға үйренеді. Көру кызметін дамытумен қатар есту мен сипағ сөзуді жетілдіру жүреді.

Көрмейтін және нашар көретін балапар оқитын арнайы мектептер жалпы мемлекеттік арнайы білім беру жүйесіне кіреді. Бұл мектептердің міндеті ағзадағы зақымдалған немесе дамымай қалған қызметерді қалпына келтіру, түзеу және орнын толықтыру, теңестіру. Бұл жұмысты атқару үшін Л.С. Выготскийдің кемтар баланың және қапышты баланың даму заңдылықтарының ортақтығы туралы теориясы өте маңызды.

Көрмейтін және нашар көретін балалар оқитын арнайы мектептер келесідей қызметтер орындайды: оқыту мен тәрбиелеу, түзету мен дамыту, санитариялық-гигиеналық, емдік-сауықтыру, әлеуметтік бейімдеу және кәсіби бағдар беру. Бұл шаралар кешенді орындапуы көрмейтін және нашар көретін балапарды қоршаған ортамен қарым қатынас жасауға жол ашады.

Арнайы мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің түзету және дамытушылық бағыты көру анализатордың зақымдалу салдарынан пайда болған таным процестерінің жетіспеушіліктерін түзетуге, сонымен қатар тұлғалық қапыштасуына мүмкіндіктерді іздестіруге көмектеседі (М.И. Земцова, Ю.А. Кулагин, А.Г. Литвак, Л.И. Солнцева).

Арнайы мектептерде оқушылар білімнің үш деңгейін меңгереді:

1 деңгей- бастауыш, II деңгей- негізгі білім, III деңгей- орта толық білім.

Білімнің мазмұны жаппы білім беретін бағдарламаларының негізінде әзірленеді, тек түзету-толықтыру жұмысымен ерекшеленеді. Арнайы білім беретін бағдарлама бойынша көру қабілетін түзету үшін арнайы оптикалық құрал жабдықтарды пайдалану қажеттегі белгіленген, нақты тифлоаспаптар, рельефті-графикалық құралдар (көрмейтіндер үшін), жазықтық (нашар көретіндер үшін).

Көруінде ауытқуы бар балалар арнайы білім алу үшін жағдарлар (ерекше жарық, тифлотехникалық құралдар, арнайы оқулықтар, арнайы мамандар тарапынан көмек көрсетілсе) қамтамасыз етілген жағдайда жаппы мектептерде білім алуға құқылы. Көруінде ауытқуы бар балалар үшін сол мектептерде арнайы түзету сабақтары өтуі тиіс: ырғақты дамыту, емдік дене шынықтыру, сөйлеу тіліндегі кемістікті түзету, әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістікті бағдарлау, көру арқылы қабылдауын дамыту.

Арнайы мектептерде ерекше орынды емдік сауықтыру, оңалту жұмыстары алады. Бұл жұмысты атқаруда арнайы мектеп қызмекерлері, оқушылар мен ата аналары арнайы клиникалық ортаптықтарда кеңес алады.

Көруінде ауытқуы бар тұлғаларға кәсіби бағдар беру жұмыстары медициналық рұқсат беру және шектеу қою ережелерге сүйенеді. Мектеп оқушылары өз мүмкіндіктерін нақты тандаған мамандығына сәйкестігін ажырата алмайды, сол себепті мектеп құрамында арнайы факультатив, үйірмелер болу мамандықты тандауға көмектеседі.

Көруінде ауытқуы бар тұлғалардың көпшілігі түрлі өндірістік мекемелерде жұмыс жасайды: нақты механика, құрастыру, радиотехника сияқты салаларда.

Көрудегі ауытқушылықтар эмоция-ерік сферасы, тәртібие, өзіндік ерекшеліктерді қапыптастырады. Көрмейтіндер балалар ойын, оқу және кәсіби әрекетті меңгеруде қиыншылықтармен кездеседі. Ал ересек тұлғаларда тұрмыстық салада кездесетін көптеген қиындықтар, негативті реакцияларды тудырады, уайым, қайғыру жағдайына әкеліп соғады.

Көптеген жағдайларда, соқыр балалардың мінез-күлкында пайда болған ерекшеліктер жағымсыз қасиеттердің (сенімсіздік, бәсеңдік, ашуланшақ) дамуына әсер етеді.

Л.Г.Выготский бойынша, соқыр адамдардың «алтыншы» (жылылық) сезімі болады. Ол біршама қашықтықта тұрған затты байқауға мүмкіндік береді. Соқырлық компенсациясы нәрестенің алғашқы айынан-ақ басталады.

Нашар көретіндерде - маңызды анализатор болып табылатын көз жанарын пайдалануға мүмкіндігі бар. Олардың қоршаған ортаны қабылдауы өте тар және анық емес, сондықтан да олардың көзбен қабылдауы шектеулі. Соқыр және нашар көретін адамдардың қоршаған ортаны қабылдауында түйсік үлкен орын алады

В.А.Сухомлинский бұл жайында: «Көп жылдық зерттеу көрсеткендей бұндай балалардың ойлауы баяу- бұл көп жағдайда көңіл-күйдің нашар болуы, өзін-өзі сезінбеу. Сонымен қатар баланың еңбекке деген зейіні жоғалады». Бұндай жағдайдан шығудың жолы баланың ұзақ уақыт таза ауада дем алуы. Дем алу мен еңбек етуді қатар жүруі баланың осындай жағдайдан шығара аламыз.

Тактильді қабылдау түрі сезімдер кешенін алуды (жанасу, қысым, қозғалыс, жылулық, суық т.б.) камтамасыздандырылады және дененің формасы мен өлшемін анықтауға көмектеседі. Қолмен, саусақпен «көруге» үйренеді. Сөзді есту арқылы қабылдау үлкен роль атқарады, іс-әрекеттің көп түрін меңгеру жетістігі көрнекі - бейнелі ұғымның, ойлаудың, кеңістікті бағдарлаудың жоғары деңгейде дамуына байланысты. Бұл әсіресе, оқыту мен тәрбие, түзету үшін өте қажет жағдай.

Көру қабілетінің зақымдалуына байланысты бұл топтағы тұлғалар 2 топқа бөлінеді:

- Көрмейтіндер;
- Нашар көретіндер;

Соқырлар (көрмейтіндер) - көруінде ауытқуы бар балалар қатарындағы жарықты көру сезінуі толығымен бұзылып немесе қалдық көру сезімдерімен көру қабілеті бар (жақсы көретін көзіндегі өткірлікті көз әйнек арқылы түзету 0,04 дейін) және көру көлемі тарылу жағдайындағы, көру өткірлігі (0,08 дейін) прогредиентті сипатқа ие көз аурулары бар балалар.

Нашар көретіндер - 0,05-тен, 0,2-ге дейін жақсы көретін көзінде түзететін қарапайым көзілдірік арқылы көретіндер. Нашар көретіндерде көру қабілетінің өткірлігінің төмендеуімен қатар, көру қызметінің басқа салалары да бұзылуы мүмкін, мысалы: жарық пен түстерді сезінуі, шеткі бинокулярлық көруі.



Көзі көрмейтін ұлы

тұлғалар

Көзі көрмейтіндер ғылым әлемінде, өнер, әдебиеттен орын алады. Ғылымға үлкен үлес қосқан греция философы Демокрит (б.з.б. ғ) және Диодит (б.з.б. I ғ) көздері көрмеген Атақты математиктер есімі- Дидима (Александрия, б.з.б.IV ғ) Н. Саундерсен (Шотландия, XVIII ғ), тифлолог Л. Брайл Франция (XIXғ), орыс кеңестік профессор А. М. Щербина (1874- 1934).

Орыс және кеңестік оқымыстылар арасында көзі көрмейтіндер баршылық, олардың арасында 40 ғылым докторы, 200 ғылым кандидаттары отандық ғылымның абыройын асқақтатқандар. Кең шеңберде аты әйгілі отандық математиктер; академик Л.С. Понтрелгим, физика-математика ғылымында А.С. Витушкин, В.И Зубова және басқалар.

Кәсіптік педагогика, тифлопедагогикаға өз үлестерін қосқан көзі көрмейтін оқымыстылар; п.ғ.д, профессор Б.И. Коваленко, п.ғ.д.. профессор В.С. Сверлов. Көзі көрмейтін адамдар программист, экономист, тарихшы. филолог, математик болып озат еңбек етеді. Көптеген көру мүмкіндігі нашар адамдар өнер және әдебиетте елеулі орын алған.

Көру мүмкіндігі нашардар арасында керемет композиторлар мен музыканттар бар. Париждегі К. Монтель атты көру мүмкіндігі нашар балаларға арналған Ұлттық институттың оқушысы алты жасар кезінде соқырланып қалса да, пианино мен рояльдың құлағында ойнайтын. *1784 жылы Парижде, 1791 жылы Ливерпульде, 1801 жылы Лондонда, 1804 жылы Берлинде, 1881 жылы Москвада* көру мүмкіндігі нашардарға арналған білім беру мекемелері ашыла бастады. Көру мүмкіндігі нашардардың психикасын алғаш зерттеу XIX ғасырдың 70 жылдарына таман жүзеге асырыла бастады. Бұл өз кезегінде тифлопсихологиялық зерттеулерге өзіне тән сипат берді яғни, көру мүмкіндігі нашардардың психикалық өмірлерін зерттеу интроспекция (өзіндік бақылау) жолымен іске асты

Пайдаланылған әдебиеттер

- Байтұрсынов.А «Арнайы педагогика» Алматы
2008ж
- <http://www.izden.kz/diplomdyk-zhumys>